

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім
бөлімінің «Дәния» бөбекжай бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорын

«Айналайын» ересек топ

«Біз тәуелсіз ел ұланамыз!»

Тәрбиешілер: Ж. Жұмағұлова
Ә. Жаназарова

Талапты ауылы
2022-2023 оқу жылы

Тексерілді:

Әдіскер А Наденова

Біз тәуелсіз ел ұланымыз!

(дыбыс әуежай)

Шет елден келген қонақ ары-бері қарайды

Бала: Сәлеметсіз бе!

Қонақ: Good morning!(Қайырлы күн)

Бала: Сіз кімсіз?

Қонақ: I'm Anel. I'm English. And who are you? (Мен Анельмін. Мен ағылшынмын. Сен кімсің?)

Бала: Менің атым – Мейірлан. Мен қазақпын!

Қонақ: Oh, Kazakh!(О, қазақпысың!)

Бала: Иә, бұл біздің Отанымыз. Тәуелсіз – Қазақстан елі. Жүріңіз қонақ болыңыз!

Қонақ: Ok!(жарайды)

(«Атамекен» әнімен балалар адымдап 2 саппен келеді)

1-Жүргізуші: Армысыздар, құрметті қонақтар! «Біз тәуелсіз ел ұланымыз » атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

2-Жүргізуші: «-Қанша ғасыр өмір сүрсе бұл қазақ, сонша ғасыр ұмтылды ғой елдікке!» - деп Төле би бабамыз айтқандай 1991жылы 16 желтоқсанда еліміздің тәуелсіздігі жарияланды. Егемен ел атандық.

1-Жүргізуші: Қазақстан демократиялық зайырлы, құқықтық және әлеуметтік республика. Оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Қазақстан Республикаының Президенті Н.Ә. Назарбаев.

2-Жүргізуші: Қазақстан – таңғажайып әдемі жер. Көрсен көзің тоймас асқар шынды таулары, айдың шалқар көлдері. Іле, Алатауы, Ертіс, Сырдария, Амудария өзендері және шексіз кең жазира даласы бар.

Әнұран орындалады

Санамақ:

- 1- Білім. Білімсіз жоқ күнің
- 2- Елім. Елім мәңгі менің
- 3- Үміт. Үмітпен жүрмін күліп
- 4- Туым. Тәуелсіздік жырым
- 5- Береке. Бірлік пен мереке

- 6- Асқар тау арман, туған еліне қорған
- 7- Желкенге енеміз
- 8- Отанға сенеміз
- 9- Тұңғыш Елбасым, көрсеткен еліне жол басын (бәрі бірге)

Хор: «Киелім»

1-Жүргізуші: «Бүгінгі сөз – ертеңгінің көпірі» демекші, Біздің балаларымыздың сөз маржанына құлақ түрейік.

Адият:

Нұрсұлтан Назарбаев

«Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, беделінің өсуіне қызмет етуге парыздармыз. Біз тәуелсіздікті ақылмен, ата-баба жолымен алдық»-деп ойлаймын.»

Көркем:

Н. Назарбаев

«Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де ерекше қадірлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Әнұранын тұмардай қасиет тұту қажет. »

Хантөре:

Отанды сүю ерекше бақыт. Ал оның аптабына күйіп, аясына шыдау әркімге бұйыра бермейтін бөлек дүние.

Иманғали:

«Пай-пай! Киелі неткен жер! Батырлар дүрілдеп өткен жер! – деп қазақтың ақыны М. Мақатаев жырлағандай елін, жерін жау аяғына таптатпай туған жерін қорғаған бабаларымыздың рухы неткен биік.»

Көркем:

Әлихан Бөкейханов

«Біздің жұрт бостандық, теңдік, саясат ісін ұғынбаса тарих жолында тезек теріп қалады.»

Мерейлім:

Толе би

«Бірлік бар жерде, тірлік бар»

Дәулетхан:

Мұқағали Мақатаев

«Құс ұясыз, жыртқыш інсіз болмайды»

Бақытжан:

Қазыбек би

«Өркенім өссін десең, кекшіл болма, кесапаты тиер елге»

Жансезім:

Әйтеке би

«Көсіле шабар жерің бар,

Ту көтерген елің бар,

Атадан қалған жолың бар.»

Даяна:

Толе би

«Жаңбыр жаумаса жер жетім,

Басшы болмаса ел жетім»

Айсұлтан:

Туған жер – алтын бесік

Аяла:

Отансыз адам,

Ормансыз бұлбұл

Хор: «Елбасы» (Медина киінеді)

Ән: Бота Бейсенованың әні «Туған жер» орындайтын Ұсайын Медина

Би: «Қазақша»

2-Жүргізуші: Тәуелсіз елге деген сүйіспеншіліктерін өлең жолдарымен жеткізсе деймін.

Инабат:

Аспан түстес көгілдір,

Тік бұрышты матаның.

Ортасында төгіп нұр,

Күн жаяды шапағын.

Сабина:

Алтын қанат көмкерген,

Шаңырақ бар, уық бар.

Әсем бейне сен көрген,

Жай белгі емес ұғып ал.

Іңкәр:

Көгілдір түс аясы,

Бейбіт дала елесі.

Шаңырақ- жұрт панасы,

Уықтар-күннің сәулесі.

Бекзат:

Әнұраным жан ұраным,

Айтар әнім, сөйлер сөзім.

Туған жерім сағынарым,

Жүрсем егер дүние кезіп.

Көрініс: «Тәуелсіздік тұғырым»

Хор: «Көк тудың желбірегені»

Көрме

2-Жүргізуші: Кішкентай жас бүлдіршіндердің Тәуелсіздік туралы ұғымдарын қалыптастырып, Отанның, елін, жерін сүйуге тәрбиелей отырып «Біз тәуелсіз ел ұланымыз» ертеңгілігімізде «Рухани жаңғыру» аясында ұйымдастырылған сән үлгілерінен көрме тамашалаңыздар!

